

А.С. Есмуханова,
ҚГЗУ, мемлекет және құқық теориясы мен тарихы
кафедрасының оқытушысы

Құқықтық ынталандыру және құқықтық шектеулер

Құқықтық ынта қазіргі уақыттағы адамдарды тәрбиелеудің маңызды құралдардың бірі. Құқықтық ынталандыру арқылы, құқық, әр түрлі құралдар арқылы қоғамдағы тәртіпті нығайтуға, тұлғаның еркіне және санасына әсер етеді. Субъектінің заңдылық әрекетін күшейтудегі заң шығарушы институтымен бекітілген құқық ынталандыру

нысаны деп те айтуға болады. Заң-құқықтық қатынастың қатысушыларының заңдық уәжіне құқықтық ынталандыру арқылы ғана әсер етпейді, сонымен қатар құқықтық шектеумен де. Мысалы, құқық бұзушылық-құқыққа қайшы әрекеттерді жасауға итермелейтін уәждемесін басу үшін, қолданылатын тыйым салу немесе бұзғаны үшін жауапкершілікке тарту сияқты заң шығарушы институттары болып табылады. Құқыққа сай әрекеттердің нәтижесінде субъектінің қызығушылығын туғызатын ынталандыру мақсатқа ие ғана заң институттары жатады. Құқықтық ынталандырудың жалпы шеңберіне, көтермелеу және марапат, жеңілдіктер және артықшылықтар, сыйлықақы және әр түрлі сыйақылар, құрметті атақ, деңгей және дәреже, иммунитеттер және т.б. с.с. Әдетте, ынталандыру субъектінің құқыққа сай әрекеттерді жасауға үйретеді, бірақ мұндай бағыт ынталандырумен ғана орнатылмайды, сонымен қатар құқыққа сай әрекет жасау субъектінің әдетіне айналып кетсе немесе құқық бұзушылық нәтижесінде жазаға тартылуына қорықса, адамның моральдік қасиеттеріне байланысты, шындық, ұят.

Заң ғылымы тұрғысынан ең алдымен құқықтық ынта дегеніміз не және адам мүдделеріне қалай әсер ететінің біліп алуымыз керек. Жалпы таралған пікір бойынша ынта-нормаларына норма, анықталатын жеңілдіктер, ерекшеліктер материалды сыйақы және т.б. с.с., сондай-ақ құқық жауапкершілігін көздейтін нормаларда жатады [1, 38-39]. Сонымен қатар, кейбір авторлар тыйымды ынтаға құқық қатынастың субъектілерінің жауапкершілігін көрсетеді [2, 17]. Басқа зерттеушілер ынта-нормаларынан жауапкершілік пен жазаны жатқызбайды. Мысалы, В.В. Глазыриннің пікірінше, заң тұрғысынан қарағанда құқықтық ынта ретінде құқықтық нормалары қоғам қажеттілігіне, мемлекет мүддесіне жауап беретін немесе ұжымның таңдаған мінез-құлқына, тұлғаның мүддесін қанағаттандыруға бағытталған әр түрлі әлуметтік шаралары ретінде қолданылады [3, 20]. А.В. Мальконың ойынша, құқықтық ынталандыру құралдарының түсінігіне: көтермелеу, жеңілдіктер, артықшылықтар, ұсыныстарды жатқызады. Құқықтық ынталандыру мен қоса ол құқықтық «тежеуіштерді» көрсетеді: жаза, жауапкершілік, тыйым салу,

шектеулер мен міндеттер. Осындай нәтиженің сонында құқықтық ынтаны екіге бөледі, ынталандырушы және тежеуішті [4, 61-67]. В.И. Куриловтың көзқарасы бойынша, ынта материалды, көтермелеу статуттық түсініктерді жатқығады: жұмысшының қызметінен көтеру үшін құқықтық нысанда бекітілген салалар (аттестация, конкурс) [5, 125]. А.Ю. Тихомировтың пікірі бойынша, құқықтық нормаларды экономикалық, әлеуметтік ынталар бекітуі қажет (марапат, мақтау және т.б.), қызметтік ынталар (ұжымның белсенді жұмысы нәтижесінде ұжымдық қызметінің деңгейі көтерілуі, ұжымдық шешімдерді қабылдау тәртібін сақтауы, қоғамдық жұмыстарына байланысты әр түрлі ынталандырушы шараларын ұйымдастыру және т.б.) [6, 81-82].

«Құқықтық ынта» деп мемлекет тарапынан қоғамдық қатынастарын дамытатын құқықтық нормалары деп түсінуі қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Куртов В.И. *Личность. Труд. Право. М., 1989. - 336 с.*
2. Глазырин В.В. *Хозрасчет. Труд. Стимулы. М., 1989. - 64 с.*
3. Малько А.В. *Эффективность правового регулирования //Правоведение. 1990. № 6. - С. 61-67.*
4. Курилов В.И. *Аттестация и личность работника в советском трудовом праве. Владивосток, 1983. - 200 с.*
5. Тихомиров Ю.А. *Закон. Стимулы. Экономика. М., 1989.-272 с.*